



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«БӘРІМІЗГЕ КЕРЕГІ – НАҚТЫ НӘТИЖЕ»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысына барып, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысты. Сапар барысында «Атлетико де Мадрид Қазақстан» халықаралық деңгейдегі футбол академиясын, сондай-ақ таза әрі пайдалы көкөніс түрлерін өсіретін GREEN ECO заманауи жылыжай кешенін аралаған Президент: «Облыстың даму қарқыны жаман емес. Быттыр өңірлік жалпы өнім көлемі 6,7 триллион теңге болып, 5,4 пайызға өсті. Қаңтар-сәуір айындағы қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіш бойынша аймақ 5-орында тұр. Жыл басынан бері облыс экономикасына 266,2 миллиард теңге инвестиция салынды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі шамамен 900 миллиард теңгеге жетті», – деп аймақтағы атқарылып жатқан істерге оң бағасын берді.

(Жалғасы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

Қазіргі қоғамдағы ең үлкен мәселенің бірі – университет бітірген жастардың жұмыс таба алмауы. Жыл сайын мыңдаған студент жоғары және орта арнаулы оқу орындарынан кәсіп меңгеріп, арнайы диплом алып шығады. Бірақ олардың барлығы бірдей мамандығы бойынша қызметке орналасып, қоғамнан өз орнын тауып кетеді деу қиын. Шындығында, жас мамандардың жұмыссыз жүруі немесе дипломына қатысы жоқ салада еңбек етуі – үлкен мәселе.

ДИПЛОМДЫ ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫН ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

Мұндай түйткілдің бірнеше себебі бар. Біріншіден, қоғамдағы сұраныс пен университет дайындайтын мамандар саны бір-біріне сәйкес келмейді. Мысалы, еңбек нарығында IT, инженерия немесе техникалық мамандарға сұраныс көп болуы мүмкін, ал университеттер, керісінше, экономика, құқық немесе педагогика саласына тым көп студент қабылдайды. Соның салдарынан бір мамандық бойынша жүздеген түлек шығады, бірақ оларға жұмыс орны жетпейді. Кейде бір бос орынға ондаған адам талапсады. Екіншіден, кейбір университеттер студенттің сапалы білім алуына емес, тек диплом беру жағына көбірек көңіл бөлетін сияқты. Кейбір студенттер төрт жыл бойы терең білім алмайды, тәжірибе де жеткіліксіз болады. Сонында диплом алғанымен, жұмыс берушінің талаптарына сай келмей жатады. Жұмысқа орналасу кезінде тәжірибе, практикалық дағды, жауапкершілік сұралады, ал көптеген түлекте ондай дайындық болмайды.

Қазақстан бойынша соңғы жылдары бұл мәселе жиі айтылып жүр. Мысалы, 2023 жылы жоғары оқу орындарын шамамен 170 мыңға жуық түлек бітірген. Бірақ олардың бәрі бірдей тұрақты жұмысқа орналаса алған жоқ. 2024–2025 жылдары да жағдай толық өзгерді деу қиын. Ресми мәліметтер бойынша, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі аз болғанымен, шын мәнінде өз мамандығымен жұмыс істемейтін жастар саны әлдеқайда көп. Өйткені статисти-

стикада адам кез келген жерде жұмыс істесе, «жұмыспен қамтылған» болып есептеледі. Бірақ ол өз мамандығы бойынша жұмыс істеп жүр ме, жоқ па – оған көп мән берілмейді.

Қазір дипломы бола тұра, сатушы, курьер, оператор немесе мүлде басқа салада жұмыс істеп жүрген жастар өте көп. Кейбір түлектер «төрт жыл оқыдым, бірақ мамандығым бойынша жұмыс таба алмадым» деп ашық айтып жүр. Әлеуметтік желілерде де осындай пікірлер жиі кездеседі. Көп жастар жұмыс берушілердің «тәжірибе керек» деген талабына шағымданады. Жаңа ғана университет бітірген адамда тәжірибе қайдан болсын деген сұрақ туындайды.

Бұл мәселені шешу үшін университеттер еңбек нарығымен тығыз жұмыс істеуі керек. Қандай мамандыққа сұраныс бар екенін зерттеп, студент санын соған қарай реттеу маңызды. Сонымен қатар оқу барысында практикаға көбірек көңіл бөлінуі қажет. Студент тек теорияны оқып қана қоймай, нақты жұмыс істеді үйренуі керек.

Сонымен қатар қазіргі жастар арасында мамандықты саналы түрде таңдау мәселесі де бар. Кейбір талапкерлер ата-анасының айтуымен немесе достарына қарап мамандық таңдайды. Ал кейбірі грант қай мамандыққа көп бөлінсе, соған бара салады. Нәтижесінде төрт жыл оқығаннан кейін өз саласына қызықпайтынын түсінеді. Мұндай жағдайда адам өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге де ынталы болмайды.

(Жалғасы 4-бетте)

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ӘКІМШІЛІК РАҚЫМШЫЛЫҚТАН КІМДЕР ҮМІТТІ?

Қазақстанда рақымшылық институты тәуелсіздік жылдарында құқықтық саясаттың маңызды құралының біріне айналды. Ел өміріндегі елеулі тарихи оқиғалар мен мерейтойларға орай жарияланатын мұндай шешімдер мемлекеттің гуманистік ұстанымын көрсетіп қана қоймай, құқық бұзушылық жасаса да, өз қателігін түсініп, түзелу жолына түскен азаматтарға екінші мүмкіндік беруге бағытталған.

Соңғы онжылдықта Қазақстанда бірнеше рет рақымшылық жасалды. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген болатын. Соның арқасында мыңдаған азамат рақымшылыққа ілігіп, олардың бір бөлігі мерзімінен бұрын бостандыққа шықса, енді біразының жаза мерзімі қысқартылды немесе қылмыстық жауаптылықтан босатылды. Бұл шара қылмыстық саясатты ізгілендіруге, түзеу мекемелерінің жүктемесін азайтуға және қоғамнан оқшауланған азаматтардың қалыпты өмірге қайта оралуына жол ашты.

Халықаралық тәжірибеде де рақымшылық жасау институты кеңінен қолданылады. Сарапшылар мұндай қадамдардың негізгі артықшылығы ретінде түзеу жүйесін оңтайландыруды, әлеуметтік бейімделуге жағдай жасауды және мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуды атайды. Сонымен бірге кез келген рақымшылық қоғамдық қауіпсіздік талаптарымен үйлесуі тиіс. Себебі ауыр қылмыс жасаған адамдарға жеңілдіктер беру қайталама құқық бұзушылықтарға алып келуі мүмкін. Сондықтан қазіргі заманғы құқықтық тәжірибеде рақымшылық негізінен қоғамға елеулі қауіп төндірмейтін құқық бұзушылықтар үшін қолданылады.

Осы тұрғыдан алғанда, Мәжілістің жалпы отырысында бірінші оқылымда қаралған «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасының маңызы ерекше. Құжат

Мемлекет басшысының биылғы 17 наурыздағы тапсырмасын орындау мақсатында әзірленген және құқықтық саясатты одан әрі ізгілендіруге бағытталған.

Заң жобасының басты ерекшелігі – Қазақстан тарихында алғаш рет қылмыстық рақымшылықпен қатар әкімшілік рақымшылықтың да қатар жүзеге асырылуы. Яғни жаңа бастама тек сотталған азаматтарды ғана емес, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілерінің белгілі бір санаттарын да қамтиды.

Құжатты қорғаған Мәжіліс депутаты Абзал Құспанның айтуынша, қылмыстық рақымшылық аясында заң күшіне енгенге дейін жасалған қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес қылмыстар, сондай-ақ зиян келтіруге әкеп соқпаған немесе келтірілген залалды толық өтеген орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша қылмыстық істер тоқтатылмақ. Бұл норма тергеу органдары өндірісіндегі және соттардың қарауындағы істерге де қатысты болады. Сонымен бірге азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыстар үшін сотталғандарды жазадан босату ұсынылып отыр. Атап айтқанда, қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыс жасағандар, сондай-ақ зиян келтіруге алып келмеген немесе келтірілген зиянды толық өтеген орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін сотталған азаматтар рақымшылық шараларына ілігуі мүмкін.

(Жалғасы 2-бетте)

2-БЕТ



Мәртебең
төмендемесін,
мұғалім!

4-БЕТ



Пластикалық ота:
сұлулықты қолдан
жасаудың қаупі
жоғары

8-БЕТ



Аты басқа,
ізі сол

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«БӘРІМІЗГЕ КЕРЕГІ – НАҚТЫ НӘТИЖЕ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал Алатау қаласын дамыту жөніндегі кеңесте бірқатар маңызды мәселелер көпшілік талқысына салынды. «Біз Алатау қаласына инвестиция тартып, оны бизнестің және инновацияның жаңа орталығы ретінде дамытатын болдық. Осы жерде өмір сүру, жұмыс істеу азаматтарымызға, әсіресе, өскелең ұрпаққа мол мүмкіндік бермек. Сондықтан Алатау қаласы құрылысының негізгі қағидалары жаңа Конституцияға енгізілді. «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» конституциялық заң қабылданды», – деп атап өтті.

Расында, қазір Алатау қаласына қатысты кез келген мәселені жедел шешу үшін барлық қажетті жағдай жасалуда. Қаланың сапалы дамуына жол ашатын құқықтық негіз толық қалыптасып, мұндағы кәсіпкерлердің мүддесі жан-жақты қорғалған.

«Жаңа қала салу туралы шешім экономикамызда күрделі жағдай болған кезде қабылданды. Бірақ біз бұл мәселеге байыппен қарадық. Асығыстыққа жол берген жоқпыз. Alatau city жобасы – шын мәнінде, жан-жақты зерделенді, пысықталды деп айтуға болады. Жалпы, әлемдік тәжірибеге қарайтын болсақ, дәл осы болашақ қалаларын салу арқылы ел дамуын жаңа сапалық деңгейге көтеруге зор мүмкіндік туады. Мысалы, Дубай, Шэньчжэнь, Инчхон, тағы да бірқатар қаланың сәтті жоба екені баршаға мәлім. Сол себепті біз де Alatau city жобасына зор үміт артып отырмыз», – деген Президент алдағы уақытта басшылыққа алынуы тиіс басымдықтарды атап өтті.

БІРІНШІ. Арнаулы құқықтық режим құру міндетін толыққанды іске асыру маңызды. Алатау жобасына қатысты заңнамалық жұмыс жылдам әрі сапалы жүргізілуге тиіс. Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет.



ЕКІНШІ. Қаланы дамытудың орнықты моделін құру. Жобаны жүзеге асыру айтарлықтай күрделі және операциялық шығындарды қажет етеді. Сондықтан Алатауды дамыту жөніндегі кеңес қала әкімшілігімен бірге ұзақмерзімді орнықты дамуы тиімді қаржы-экономикалық үлгісін әзірлеуі керек. Сонымен бірге қаланы стратегиялық жоспарлауға негіз болатын құжаттарды бекіткен жөн. Инвесторлар мен серіктестер, азаматтар 10, 20 немесе 30 жылдан кейін Алатау қаласының қандай болатынын түсінуі қажет.

ҮШІНШІ. Қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру керек. Инвесторларға барынша жайлы жағдай жасалуға тиіс және оларға жоғары деңгейде қызмет көрсетілуі қажет. Ең алдымен халықаралық талаптардың

қатаң сақталуына баса мән берген жөн. Әсіресе ұлттық заңнама жүйесінде қамтылмаған мәселелер бойынша әлемдік озық тәжірибені кеңінен қолданған абзал. Шэньчжэнь, Хайнань, Дубай, Сингапур сияқты қалалардың бәрінде мемлекет алғашқы инвестор ретінде базалық инфрақұрылым қалыптастырып берді. Осылайша, бизнесте тәуекел азайып, тиісті жағдай жасалатын орнықты инвестициялық цикл іске қосылды. Жалпы, мұндай инвестициялық тәсіл әбден орынды және ойға қонымды. Мемлекет инфрақұрылымға инвестиция салса, жеке капитал да келе бастайды.

ТӨРТІНШІ. Алатау цифрлық активтерді жедел дамыту және елдің жаңа қаржы архитектурасын құрудың стратегиялық алаңына айналуға тиіс. Осы

саланы дамыту үшін қысқа мерзімде артық кедергілерді жойып, жаңа қаржы құралдарын іске қосу қажет. Цифрлық активтердің нақты құқықтық мәртебесін бекітіп, криптоактивті мүлік ретінде тану керек. Бұл жүйеде цифрлық теңге негізгі рөл атқарады. Халықаралық танымал орталықтармен табысты бәсекеге түсу үшін Алатау қаласында цифрлық активтер операциясына және жергілікті юрисдикцияда капиталдың өсуіне нөлдiк мөлшерлеме белгіленіп, тиісті құқықтық жағдай жасалуы қажет.

БЕСІНШІ. Негізгі инфрақұрылымның озық дамуы. Қалаға қосылған елді мекендердің (Жетіген, Қоянқұс және тағы басқалар) тұрғындары тұрмысқа қажетті қарапайым жағдайдың жасалмағанын айтады. Жаңа энергия қуаты

көздерін кеңейту мен іске қосу қажеттігі – елдік деңгейдегі мәселе. Осы проблеманы шешу үшін «First fuel» тұжырымдамасына ерекше назар қажет.

АЛТЫНШЫ. Әлеуметтік және туристік инфрақұрылымды қарқынды түрде дамытумен байланысты. Бұл салада нақты атқарылған жұмыс аз емес. Ал қазіргі таңда туризм инвестициялық тартымдылықтың өте маңызды бөлігі болып саналады. Сонымен қатар, Бас жоспарға сәйкес, 2050 жылға қарай қала халқының саны екі миллионнан асып кетуі мүмкін. Мұндай өсім инженерлік желімен қатар әлеуметтік инфрақұрылымды ілгерілетуді талап етеді.

ЖЕТІНШІ. Алматы агломерациясын дамыту қажет. Алатау қаласының Алматыға іргелес орналасуы зор мүмкіндіктерге жол ашатыны сөзсіз. Әсіресе сауда-экономика және көлік-логистика саласындағы байланыстарды едәуір кеңейтуге болады. Алатау мен Алматы қалаларын жалғайтын жүрдек қоғамдық көлік жүйесін дамыту мәселесін пысықтау қажет.

Қаланы көркейту жұмысы кешенді түрде жүргізілуге тиіс. Бұл – Қазақстанның барлық қалаларына қатысты міндет. Арнайы басқару режимін енгізу, инвестицияны қорғау және қажетті инфрақұрылымды дамыту ісін бір-бірінен бөлек қарастыруға болмайды. Бұл бағыттардың бәрі өте маңызды. Мысалы, бастапқы инфрақұрылым болмаса, инвестиция қорғалмаса, халықаралық инвесторлар мұнда келмейді. Бұл айқын нәрсе.

Осындай негізгі басымдықтарды белгілей келе Президент: «Алатау city жобасын жүзеге асыру – тұрмыс сапасы және іскерлік ортасы ең жоғары әлемдік талаптарға сай келетін озық қала салу деген сөз. Бұл – мемлекеттік маңызды зор міндет, еліміз үшін стратегиялық мән бар жұмыс. Сондықтан біз тыңғылықты, тиянақты, сапалы жұмыс істеуіміз керек. Құр қағаз жүзіндегі есептің еш қажеті жоқ. Бәрімізге керекі – бір-ақ нәрсе: бұл – нақты нәтиже», – деп көпшілікке салмақ арта сөзін аяқтады.

Расында, Алатау қаласын дамытуға, Алматы облысын көркейтуге қажетті жағдайдың бәрі жасалып жатыр. Тиісті құқықтық негіз бар, ресурс та жеткілікті. Ал көздеген межеге уақты Президент жүктеген міндеттердің жақтанымы әрі сапалы орындалуына тікелей байланысты.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

БАСПАСӨЗ МАСЛИХАТЫ

ДЕРБІСЕКТЕГІ АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ҚАШАН ШЕШІЛЕДІ?

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы Дербісек ауылында орналасқан ұңғыма айналасындағы дау-дамай бәсеңдер емес. Даулы ұңғыма 25 жылдан бері «Рауан» ЖШС-нің меншігінде.



Даудың бір жағындағы әкімдік кәсіпкердің су пайдалану лицензиясы бітті десе, ауылдың бір топ тұрғыны «су мемлекетке қайтарысын!» деп талап қойып отыр. Ал екінші тарап – «Рауан» ЖШС – ұңғымадан шыққан емдік суды табыс көзіне айналдырып, өзін ғана емес, ауылдың екі жүзге жуық тұрғынын жұмыспен қамтып отырғанын, шығарған өнімдері Қазақстанды былай қойғанда, шетелдерде танымалдыққа ие екенін айтып, өз кәсібін қорғап әлек. Дербісекте басталған дау күні кеше Алматыға жетіп, «Рауан» ЖШС өкілдері БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз маслихатын өткізген еді.

Жиын туралы хабар бізге де жетті. Шақырту алып, Дербісектегі жағдайға қаныққысы келген журналистер көп болды. Бір қызығы, осындай шараның өтетінін естіп, ауылдың бір топ тұрғынының сонау Сарыағаштан Алматыға келгенін көріп танданысып қалдық. Жер емген оңтүстік

халқының осындай қауырт шақта шаруаны тастай салып, арнайы автобус жалдап баспасөз маслихатына келуін неге баларыңды да білмейді екенсің. Бұл өзі туған жерге деген патриоттық сезімнің нышаны ма, жоқ болмаса әкімдіктің «бізді қолдасаңыздар» деген өтінішін жерге тастамаудың көрінісі ме? Ол жағы енді «ішін білін әлу-ай».

Тұрғындардың атынан сөйлеп жүрген топ мүшелері: «Рауан» ЖШС-і ауылды ауызсумен қамтамасыз етіп отырған ұңғыманы заңсыз жекешелендіріп алды. Халықтың алдындағы өз міндеттемесін орындамағандықтан, кеңестік дәуірде

...ұңғымадан шыққан су халықтың күнделікті тұтынуына арналмаған. Бұл туралы қолымызда Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты ғылыми-зерттеу институтының анықтамасы бар. Онда ұңғымадан шыққан суды ауызсу ретінде тұрақты түрде қолдануға болмайтыны, қолданған жағдайда ол халықтың денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін екені айтылған. Сондықтан оны орталық ауызсу құбыры арқылы халыққа күнделікті тұтынуға ұсынамыз деген идея негізсіз.

жүргізілген су құбырлары жарамсыз боп қалды. Сосын әкімдік 1,9 млрд теңгеден астам бюджет қаржысына қайтадан су құбырын жүргізуге мәжбүр болды. Егер компания ұңғымадан шыққан судың өзіне қажетін алып, қалғанын орталық су құбыры жүйесіне жіберетін болса, мұндай даудай шықпаса еді», – дейді.

Ал «Рауан» ЖШС өкілдері: «Біз 2001 жылдан бері иелік етіп отырған ұңғымадан шыққан су халықтың күнделікті тұтынуына арналмаған. Бұл туралы қолымызда Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты ғылыми-зерттеу институтының анықтамасы бар. Онда ұңғымадан шыққан суды ауызсу ретінде тұрақты түрде қолдануға болмайтыны, қолданған жағдайда ол халықтың денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін екені айтылған. Сондықтан оны орталық ауызсу құбыры арқылы халыққа күнделікті тұтынуға ұсынамыз деген идея негізсіз. Тіпті министрлік ескертпесін елеусіз қалдырып, суды күнделікті берген күннің өзінде ұңғымадағы су қоры халықтың ауызсуға деген сұранысын тұрақты түрде ұзақ уақыт бойы қамтамасыз ете алмайды. Осыған қарамастан, билік органдары өздері шеше алмаған ауызсу мәселесін біздің есебімізден жабу үшін, 25 жылдан бері қомақты қаржы жұмсап, өндіріс орындарын құрып, оны ары қарай ұлғайтуға тек биылдың өзінде 1,2 млрд теңге көлемінде инвестиция салған біздің бизнесімізді құрбандыққа шалғалы отыр», – дейді.

Журналистер алдында сөз алған «Рауан»

ЖШС-нің заңгері Әлия Аралбаева: «Біздің мақсатымыз – басымыздан өткізіп жатқан қиын жағдайды республикалық БАҚ арқылы елге жеткізу. Осыдан 25 жыл бұрын қолға алған кәсібіміз аяғынан тік тұрып, жүзден аса өнім түрін шығарып, енді табыс әкелетін кезде, қолдан жасалып жатқан кедергілерге Мемлекет басшысының назарын аудару. Әрі осы жиын арқылы біздің жү-

мысымызға қатысты таралып жатқан ақпараттың ақ-қарсын ажыратып, көпшіліктің сауалына ашық жауап беруді мақсат етіп отырмыз. Оның өзінде баспасөз маслихаты тек БАҚ өкілдеріне арналғанын айтып, жазғанымызға қарамастан, Түркістан облысынан бір топ тұрғынның арнайы Алматыға келуі бұл мәселеде мүдделер тартысы жүріп жатқанын аңғартатын сияқты», – дейді.

Ал компанияның бас директорының орынбасары Гүлім Смайылованың сөзіне қарағанда, 1968 жылы пайдалануға берілген кезде ұңғымадан су өндірудің жарамдылық мерзімі 50 жыл деп есептелген. Егер ол мемлекет меншігіне қайтарылған болса, оны қайта жаңғырту үшін кемінде 250 млн теңге қаржы керек болады. Ұңғымаға меншік құқығы сақталса, кәсіпкер бұл шығынды өз мойнына алуға әзір дейді.

«Қазір билік органдары «Рауан» ЖШС-нің өндірісіне қажетті суды ұңғыма мемлекет меншігіне өткен жағдайда да қамтамасыз етеміз дейді. Солай айтқанымен, әкімдік бұған ешқандай кепілдік бермей отыр. Олар өзге тұрмақ, өндірісті кеңейту мақсатында алынған жаңа қондырғыларды іске қосуға қажетті электр қуатын жүргізуге рұқсат бермеді. Мұндай жағдайда біз өндірісті дамыту үшін алған несиені уақытылы төлемек тұрмақ, тапсырыс берушілер алдындағы өз міндеттемемізді орындай алмай, оларға айыппұл төлеуге мәжбүр боп қалуымыз мүмкін», – дейді Г.Смайылова.

Жыл сайын «Рауан» ЖШС бюджетке жарты миллиард теңге көлемінде салық төлейді. Оның өнімдері Қазақстаннан бөлек Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай және Моңғолия нарығына экспортталауда. Қазір Геология комитетінің жерасты су қоры туралы қорытындысы аудандағы 30-дан астам ұңғыманың ішінде тек «Рауан» ЖШС-де ғана бар. Яғни минералды су сияқты стратегиялық қорды күнделікті тұтынатын ауызсу ретінде емес, инвестиция тартып, жаңа жұмыс орнын құрып, елге табыс әкелетін кәсіпкерлік нысанына айналдыру – Мемлекет басшысы айтқан экспортқа бағытталған өңдеу өнеркәсібінің дамытудың жарқын үлгісі. Өкінішке қарай оны біреу түсінсе, біреу түсінбеген кейін танытуда. Ал ауызсу мәселесін ғылыми зерттеулер негізінде түбегейлі шешудің орнына, оны күрделендіруіне абырой әкелетінін билік өкілдерінің де, ауылдың кейбір тұрғындарының да түсінбегені өкінішті.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ**ДИПЛОМДЫ
ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫН
ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?****(Соңы. Басы 1-бетте)**

Тағы бір мәселе – жалақының төмендігі. Көптеген жас мамандар университет бітіргеннен кейін өз саласында өте төмен айлық ұсынылатынын көреді. Әсіресе мұғалім, медицина, ауыл шаруашылығы немесе мәдениет салаларында бастапқы жалақы жастардың қажеттілігін толық қамтамасыз ете бермейді. Сол себепті олар табысы жоғары басқа жұмыстарға кетуге мәжбүр. Қазіргі кезде жастардың көбі тұрақты әрі жақсы жалақысы бар жұмыс іздейді.

Ауыл мен қала арасындағы айырмашылық та жұмыссыздық мәселесіне әсер етеді. Үлкен қалаларда мүмкіндік көбірек болғанымен, ауылдық жерлерде бос жұмыс орындары аз. Кейбір жастар диплом алып туған ауылына барғанымен, мамандығына сай жұмыс таба алмайды. Сондықтан олар қалаға көшуге тырысады. Бірақ қалада да бәсекелестік жоғары болғандықтан, бәрі бірдей жақсы жұмысқа орналаса алмайды.

Қазіргі технологияның дамуы да еңбек нарығына өзгеріс енгізіп жатыр. Кейбір мамандықтарға сұраныс азайып, жаңа салалар пайда болуда. Бірақ көптеген университеттердің бағдарламасы заман талабына толық бейімделіп үлгермеген. Студенттер ескі жүйемен білім алып шығады да, қазіргі жұмыс талаптарына сәйкес келмей қалады. Жұмыс берушілер заманауи бағдарламаларды меңгерген, бірнеше тілді білетін және тәжірибесі бар мамандарды іздейді.



Тағы бір мәселе – жалақының төмендігі. Көптеген жас мамандар университет бітіргеннен кейін өз саласында өте төмен айлық ұсынылатынын көреді. Әсіресе мұғалім, медицина, ауыл шаруашылығы немесе мәдениет салаларында бастапқы жалақы жастардың қажеттілігін толық қамтамасыз ете бермейді. Сол себепті олар табысы жоғары басқа жұмыстарға кетуге мәжбүр. Қазіргі кезде жастардың көбі тұрақты әрі жақсы жалақысы бар жұмыс іздейді.

Соған орай жастар университетте оқып жүрген кезден бастап өздерін дамыту керек. Тек дипломға сеніп қалмай, қосымша курс оқып, тіл үйреніп, тәжірибе жинаған дұрыс. Сонда ғана еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік артады. Диплом алу – болашақтың кепілі емес екені қазіргі кезде анық байқалады. Егер білім сапасы, тәжірибе және еңбек нарығындағы сұраныс бір-бірімен сәйкес келмесе, жастар жұмыссыздық мәселесіне тап болады. Сондықтан бұл мәселе тек студенттің емес, университеттің де, қоғамның да ортақ жауапкершілігіне айналуы тиіс.

Інкәр МҰХТАРОВА,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетінің 2-курс студенті

КӨКЕЙКЕСТІ**ПЛАСТИКАЛЫҚ ОТА:
СҰЛУЛЫҚТЫ ҚОЛДАН
ЖАСАУДЫҢ ҚАУІП ЖОҒАРЫ**

Соңғы жылдары пластикалық ота жасатуға сұраныс жоғары. Оған отандастарымыздың өз келбетіне көбірек мән беруі түрткі болуда. Instagram, TikTok сияқты желілерде мінсіз бет-әлпет, әдемі мүсінге қатысты жарнамаларды көргендердің хирургиялық жолмен көм-көтігін түгендеуге тырысатыны жиі байқалады. Соған орай қазір мұрын түзету, ерін үлкейту, бет тарту, кеуде үлкейту сияқты операциялар қалыпты нәрсеге айналып барады. Өкініштісі сол, әдемілікке құмар жандар пластикалық операция денсаулыққа теріс әсер ететінін, өмірін өзгертетінін түсіне бермейді.

Блогер Сәуле Базарханның, депутат Ербол Айтуовтың мезгілсіз өліміне де осы хирургиялық операциялар себеп болғаны белгілі. Липосакциядан кейінгі қайғылы оқиғалар көбінесе медициналық мекемеде стандарттардың сақталмауынан, дәрігерлердің немісқұрайлығынан немесе пациенттің ағзасындағы жасырын аурулардан пайда болады. Сәуле Базархан Алматыдағы «Smart Beauty Clinic» жеке клиникасында липосакция жасату кезінде, ал Ербол Айтуов Ақтөбе қаласындағы жеке клиникада иек астындағы майды алдыру үшін липосакция жасатп деп қайтыс болған. Бірінен соң бірі орын алған осы қайғылы жағдайлар бойынша қазір арнайы тексеру жұмыстары жүргізілуде. Екі адамның өлімі пластикалық операция жасатуға қызығып жүрген азаматтарға ой салса, қанеки.

Қазақстанда, әсіресе Алматы мен Астанада пластикалық хирургия саласы жақсы дамыған. Қазір әлеуметтік желіде көптеген клиникалар өз қызметтерін жарнамалайды. Мысалы, Алматыдағы «Dolce Vita Clinic», «Perfecto Clinic», «Aru Clinic», Астанадағы «BeautyMed» сияқты клиникалар пластикалық операциялардың көптеген түрін ұсынады. Әр клиниканың бағасы да әртүрлі. Мысалы, мұрын түзету операциясы кейбір клиникаларда шамамен 1,5 миллион теңгеден басталса, танымал әрі тәжірибелі хирургтар бар клиникаларда 3-4 миллион теңгеге дейін жетеді. Кеуде

үлкейту операциясы орташа есеппен 2-5 миллион теңге аралығында жасалады. Ал қабақ көтеру немесе бет тарту операциялары 1 миллионнан жоғары. Кейбір клиникалар акция жасап, өз қызметін арзандатылған бағамен ұсынады. Әлеуметтік желіде «тек бүгін жеңілдік», «несиеге пластикалық ота» деген жарнамалар өте көп. Десек те, азаматтар арзан бағадан гөрі, клиниканың сапасына дұрыс мән беруі керек. Оның үстіне пластикалық ота – жай ғана косметикалық процедура емес, ол адам ағзасына жасалатын ауыр операция. Сондықтан бағадан гөрі, дәрігердің тәжірибесі мен қауіпсіздікке маңыз берген абзал.

Кейбір азаматтар ақшасы жетпегендіктен, арзан клиникаларға барады. Бірақ арзан болған сайын жауапкершілік те төмен болуы мүмкін. Кейбір клиникаларда толық тексеріс жасалмайды, сапасыз материал қолданылуы немесе тәжірибесіз мамандар жұмыс істеуі мүмкін. Оның салдарынан операциядан кейін асқынулар орын алып жатады. Кейде адамдардың денсаулығы күрт нашарлап, қайтадан түзету операциясын жасауға мәжбүр болады. Ал кейбір жағдайларда адам өміріне қауіп төнуі мүмкін.

Қазақстанда әлеуметтік желіде пластикалық отадан кейін өкініп қалған адамдардың оқиғалары жиі таралады. Кейбір қыздар мұрын отасынан кейін тыныс алу қиындағанын айтады. Ал кейбіреулердің беті қисайып кеткен немесе операциядан кейін

инфекция түскен жағдайлар болған. Әлеуметтік желіде өз оқиғасымен бөліскен Динара деген қыз пластикалық ота жасату үшін арзан клиникаға барғанын, кейін бетінде тыртық қалып қойғанын көрсеткен. Ол бастапқыда ақша үнемдегісі келгенімен, кейін қайта емделуге одан да көп ақша жұмсағанын алға тартқан.

Пластикалық отаның пайдалы жақтарын да жоққа шығаруға болмайды. Кейбір адамдар апаттан кейін немесе туа бітті кемшіліктерін түзету үшін операция жасатады. Мысалы, ауыр күйік алған адамдарға немесе бет сүйегі зақымданған адамдарға пластикалық хирургия көмектеседі. Мұндай жағдайда операция адамның қалыпты өмірге оралуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар кейбір адамдар өз келбетіне қатты сенімсіз болғандықтан, операциядан кейін психологиялық тұрғыда өздерін жақсы сезінеді.

Бірақ қазіргі кезде көп адам пластикалық отаны қажеттілік үшін емес, сән үшін жасатады. Әсіресе жастар әлеуметтік желідегі блогерлерге ұқсағаны келеді. Біреу ерін үлкейтеді, біреу бетін өзгертеді, тағы бірі дене пішінін жасатады. Бұл – кейбір адамдардың өз табиғи келбетін қабылдай алмайынын салдары.

Тағы бір қауіпті жағы – пластикалық отаға тәуелділік. Кейбір адамдар бір операциядан кейін тоқтай алмай қалады. Бір дене мүшесін өзгертсе, кейін тағы бір жерін өзгертеді келеді. Нәтижесінде адамның бет-әлпеті табиғилығын жоғалтады. Кейбір танымал адамдардың суреттерін көргенде олардың бұрынғы түрінен мүлде өзгеріп кеткенін байқау қиын емес.

Пластикалық операция кезінде наркоз қолданылатынын да ұмытпау керек. Наркоз әр адамға әртүрлі әсер етеді. Кейбір адамдарда аллергия болуы мүмкін немесе ағза көтермеуі мүмкін. Дәрігерлер қанша тәжірибелі болса да, операцияның қауіп арқашан болады. Сондықтан пластикалық отаға жеңіл қарауға болмайды.

Қазір кейбір жастар пластикалық ота үшін несие алып жатады. Бұл да өзін ақтамайтын қадам. Адамдар кейде қоғамның қысымымен өздерін өзгертуге тырысады. Бірақ сыртқы келбет аса маңызды емес. Денсаулық пен адамның табиғи сұлулығы одан да маңыздырақ.

Тағы бір мәселе – әлеуметтік желідегі жарнама. Көп клиникалар тек жақсы нәтижелерді көрсетеді. Операциядан кейінгі ауырсыну, қалпына келу уақыты немесе сәтсіз жағдайлар жайлы көп айтылмайды. Адамдар әдемі фотоға қарап қызығады. Бірақ оның артында үлкен тәуекел тұрғанын ескере бермейді.

Сондықтан пластикалық ота жасамас бұрын адам терең ойлануы керек. Бірінші денсаулыққа көңіл бөлген жөн. Сонымен қатар клиниканы таңдағанда тек бағаға емес, дәрігердің тәжірибесіне, лицензиясына және қауіпсіздік талаптарына назар аудару маңызды. Арзан болған сайын кей жерде жауапкершіліктің де аз болуы мүмкін екенін ұмытпау керек.

Диана НҰРХАНАТҚЫЗЫ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 2-курс студенті

БЕЗБЕН

Соңғы жылдары әлеуметтік желілер өзін «психолог», «коуч», «ментор» деп таныстырып, ақыл үйрететін жандардың парақшаларына толып кетті. Әлеуметтік желіде олар күн сайын түрлі кеңес айтып, мыңдаған адамның сеніміне кіріп жатыр. Бірі әйелдерге «ер адамды басқаруды» үйретсе, енді бірі «токсик адамдардан арылу» немесе «өзіңді жақсы көріп үйрену» туралы ақыл айтады. Қазір қоғамда кәсіби білікті психологқа барудан гөрі, Instagram-дағы психологтарға жүгіну қалыпты үрдіске айналған.

Әсіресе әйелдер аудиториясына арналған контент өте көп. Instagram-психологтар көбіне отбасы мәселесі, ер мен әйел қарым-қатынасы, ажырасу, күйеудің опасыздығы, бала тәрбиесі, өзін бағалау, «энергия тазалау», «сананы өзгерту», «еректігі өзіне ғашық ету» секілді тақырыптарды көтереді. Олар мұндай кеңестерді көбіне қысқа видео, сторис немесе ақылды вебинар арқылы таратады.

Мысалы, Instagram желісінде көпшілікке танымал Анна Құдиярова аналар мен қыздардың қарым-қатынасына арналған вебинар өткізген.

КОУЧ КӨМЕГІНСІЗ-АҚ БИІККЕ ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ

Ол жарнамасында «Менің вебинарым арқылы қызыңызбен тіл табысып, оны түсінуді үйренесіз» деп көрсеткен. Онлайн вебинар бағасы да осал емес. Қашықта отырып-ақ көмек беруге ынта танытқан психолог өз қызметін 6000 теңгеге бағалап отыр.

Психолог-коуч Ая Жұмағали әлеуметтік желіде «белгілі бір адамды өзіңізге ғашық қылу жолдарын» үйрететіні туралы контент жариялайды.

Мұндай жас қыздарға өтімді Instagram-психологтардың қабылдау бағасы бүгінде 20 мың теңгеден басталып, 500 мың теңгеге дейін жетеді. Баға көбіне оқырман саны мен желідегі танымалдыққа байланысты.

Бүгінде әлеуметтік желіде психолог атанып жүргендердің арасында арнайы білімі жоқ адамдар да аз емес. Олар қысқа мотивациялық видеолар түсіріп, аудитория жинайды. Кейін ақылы

курс, марафон, вебинар сатып, оны табыс көзіне айналдырады. Алайда адамның психологиялық жағдайымен жұмыс істеу – жай ғана әңгіме айту емес. Қате кеңес адамның психикасына, отбасына, тіпті өміріне әсер етуі мүмкін.

Дана МЕЛС,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 2-курс студенті

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Динара МУХАМЕТҚҰЛҚЫЗЫ, кәсіби психолог:

– Қазір Instagram-да өзін психолог ретінде таныстырып жүрген адамдар өте көп. Бірақ олардың барлығы кәсіби маман емес. Әр психологтың өз бағыты болады. Психология медицинамен, педагогикамен, дінмен байланысты бірнеше салаға бөлінеді. Ал әлеуметтік желідегі кей адамдар қысқа мотивациялық контент арқылы аудитория жинап алғаннан кейін өздерін толыққанды психолог ретінде көрсетеді. Өкінішке қарай, олардың арасында жоғары оқу орнын бітірмегендер де бар. Психологиялық кеңес беру – үлкен жауапкершілік. Адамның жан дүниесімен жұмыс істеу үшін тек әдемі сөйлеу жеткіліксіз.

Әсіресе эмоционалды күйзелісте жүрген адамдар әлеуметтік желідегі кез келген кеңеске тез сеніп қалады. Кейбір Instagram-психологтар адамдарды өзіне тәуелді етіп, үнемі ақылы курс пен қабылдауға шақырады. Тіпті кейбірі отбасылық мәселеде біржақты кеңес беріп, «күйеуіңіз токсик болса – кетіңіз», «ата-анаңызды өміріңізден сызып тастаңыз» деген секілді радикалды пікірлер айтады. Мұндай кеңестер кей жағдайда отбасының бұзылуына да әсер етуі мүмкін.

Қазір қоғамда психологқа деген сұраныс артты. Бұл қалыпты жағдай. Адамдар психологиялық көмекке мұқтаж. Бірақ осы сұранысты пайдаланып, әлеуметтік желі арқылы ақша табуды көздеушілер де көбейіп келеді. Instagram-дағы әдемі парақша, көп оқырман немесе қымбат курс адамның кәсіби маман екенін дәлелдей алмайды.

Психология – тренд те, ойын да емес. Ол адам тағдырына тікелей әсер ететін жауапты сала. Сондықтан психологиялық көмек аларда адамның дипломына, біліміне, тәжірибесіне назар аудару маңызды.

ТАЛҚЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ҚҰҚЫҚ: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

Алматыда Caspian University базасында «Цифрлық және Аэлеметтік сын-қатерлер дәуіріндегі жасанды интеллект және құқық» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті. Іс-шара ғылыми қауымдастық өкілдерін, сот жүйесі мамандарын, заңгерлерді, мемлекеттік органдар қызметкерлерін, IT саласының сарапшыларын және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін бір алаңға біріктірді. Конференцияны «Әділет» заң жоғары мектебі, «Эгидо» Алматы қалалық заң консультанттары палатасы, Еуразиялық ынтымақтастық және серіктестік, талдамалық-құқықтық сауаттылық орталығы және «София» консалтингтік заң агенттігі ұйымдастырды.



Конференция жасанды интеллект технологияларын құқықтық тәжірибеге енгізу, құқық саласын цифрландыру, адам құқықтарын қорғау және технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында заңнаманы жетілдіру мәселелерін талқылауға арналған кәсіби орынға айналды. Қатысушыларға Қазақстан, Өзбекстан және Тәжікстанның академиялық қауымдастығының өкілдері, заң ұйымдарының жетекшілері мен Caspian University басшылығы құттықтау сөздерін арнады.

Конференция барысында спикерлер жасанды интеллекттің құқық саласындағы ролі мен оның болашақтағы даму перспективаларына ерекше тоқталды. «Әділет» Жоғары құқық мектебі деканы, профессор Светлана Мороз өз сөзінде құқықтық білім беру жүйесі цифрлық трансформация жағдайында жана талаптарға бейімделуі тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, болашақ заңгерлер тек құқықтық нормаларды меңгеріп қоймай, жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істей алуы қажет. Ташкент мемлекеттік заң университетінің Қылмыстық сот төрелігі факультетінің деканы Дилдора Базарова халықаралық тәжірибеге тоқталып, Орталық Азия елдері арасында цифрлық құқық саласындағы ынтымақтастықты күшейтудің маңызын айтты.

Ресей-Тәжік (Славян) университетінің доценті Зайнура Исмоилова цифрлық ортада азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелерін көтеріп, заңна-

құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері жан-жақты қарастырылды. Судьялардың, ғалымдардың, адвокаттардың, заң кеңесшілерінің және цифрлық технологиялар саласы мамандарының баяндамалары қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Олар құқықтық қызметте жасанды интеллект құралдарын қолданудың практикалық тәжірибесімен бөлісіп, цифрлық сот төрелігі мен инновациялық технологияларды құқықтық реттеу бағытындағы зерттеу нәтижелерін таныстырды.

Конференция аясында цифрлық дәлелдемелердің жарамдылығы мен бағалануы, сот жүйесінде жасанды интеллектті пайдалану, цифрлық қауіптерге қарсы іс-қимыл жасау және жана технологияларды реттеуге арналған заманауи нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру перспективалары бойынша мазмұнды пікірталастар өтті.

Қатысушылар көтерілген мәселелердің өзектілігін атап өтіп, жасанды интеллектті тиімді құқықтық реттеу тетіктерін әзірлеу және технологиялық даму мен адамның негізгі құқықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтау мақсатында заңгерлердің, IT саласы өкілдерінің, ғылыми қауымдастық пен мемлекеттік органдардың



маның технологиялық өзгерістерге желдел бейімделуі қажеттігін жеткізді.

Ал Алматы қалалық заң консультанттары палатасының өкілдері мен құқық саласының сарапшылары жасанды интеллекттің құқықтық қызмет көрсетудегі мүмкіндіктері, цифрлық дәлелдемелерді пайдалану және сот тәжірибесін талдау бағытындағы заманауи тәсілдер жөнінде пікір алмасты.

Пленарлық және тақырыптық сессиялар барысында жасанды интеллекттің заңгер мамандығына ықпалы, сот тәжірибесін талдауда нейрожелілерді пайдалану, азаматтық процестегі цифрлық дәлелдемелер, жасанды интеллекттің этикалық және құқықтық реттелуі, сондай-ақ цифрлық ортадағы жеке тұлға

өзара іс-қимылы одан әрі нығайтудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Конференция қорытындысы бойынша ғылыми диалогты дамытуға, құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге және қоғамның цифрлық трансформациясы жағдайында құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірленді. Осындай іс-шараларды өткізу кәсіби қауымдастықтың дамуына, халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың нығаюына және цифрлық дәуірдің өзекті құқықтық мәселелерін шешудің заманауи тәсілдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Қылмыстық істерді сотта қарау – адам тағдыры шешілетін, Қылмыстық сот ісін жүргізудің ең жауапты өрі шешуші кезеңі. Бұл процесте соттың басты мақсаты – тек қылмыс жасаған адамды жазалау ғана емес, сонымен қатар кінәсіз адамның негізсіз сотталмауын қамтамасыз ету. Осы орайда сот төрелігін жүзеге асыру барысында соттар бұлжытпас бірнеше басты бағыттар мен қағидаттарды ұстанады.

СУДЬЯНЫҢ СҮЙЕНЕРІ – ЗАҢ МЕН АР

Қылмыстық істі қарау кезіндегі ең негізгі бағыт – заңдылық қағидатын қатаң сақтау. Судья процесті жүргізгенде және үкіл шығарғанда тек Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстердің талаптарына сүйенуге міндетті. Ешқандай сыртқы күштер, қоғамдық пікір немесе жеке көзқарастар соттың заң шеңберінен шығуына негіз бола алмайды. Дәлелдемелердің өзі заңды жолмен алынған жағдайда ғана жарамды деп танылады.

Кінәсіздік презумпциясы. Бұл – бүкіл қылмыстық сот ісін жүргізудің дінгегі. Кінәсіздік презумпциясының басты мәні: адамның кінәсіз заңды күшіне енген сот үкімімен дәлелденбейінше, ол кінәсіз деп есептеледі; айыпталушы өз кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес; оның кінәсіз дәлелдеу міндеті толығымен айыптаушы

тарапқа жүктеледі; іс материалдарындағы кез келген шешілмеген күмән айыпталушының пайдасына түсіндіріледі.

Тараптардың жарыспалылығы және тең құқықтылығы – қазіргі заманғы сот процесі айыптаушы және қорғаушы тараптардың тең құқықты жарыспалылығына негізделген. Сот залында прокурор да, адвокат та дәлелдемелерді ұсынуға, куәлардан жауап алуға және сараптама тағайындау туралы өтініш жасауға бірдей құқылы. Бұл бағытта сот айыптау немесе қорғау функциясын өзіне алмайды, ол тек процестің әділ өтуін қадағалайтын, тәуелсіз әрі бейтарап төреші міндетін атқарады. Істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу сотқа істің ақиқатына жету үшін керек. Сәйкесінше, судья тек айыптаушы тарап ұсынған

дәлелдермен шектеліп қалмауы тиіс. Сот айыпталушыны әшкерелейтін де, сонымен бірге оны ақтайтын немесе жауапкершілігін жеңілдететін де мән-жайларды бірдей мұқият зерделеуі шарт. Сонымен бірге үкім тек сот мәжілісінде тікелей зерттелген және ешқандай күмән тудырмайтын нақты фактілерге ғана негізделуі керек.

Әрбір күдіктінің немесе айыпталушының білікті заң көмегін алуы маңызды. Сот істі қарау барысында сотталушының қорғану құқығының бұзылмауын қатаң бақылайды. Егер сотталушының адвокат жалдауға қаражаты болмаса, мемлекет есебінен қорғаушы тағайындалады. Бұл бағыт әділеттіліктің орнауы үшін екі тараптың күштерін теңестіруге қызмет етеді.

Соттағы қылмыстық істерді қарау кезінде ұсталынатын бұл басты бағыттар – жәй ғана заңдық терминдер емес, бұл адамның бас бостандығы мен құқықтарын қорғайтын қуатты қалқан. Тек осы қағидаттар бұлжытпас дәлдікпен орындалған жағдайда ғана шығарылған үкім заңды, негізді әрі әділ болып саналады, ал қоғамның сот жүйесіне деген сенімі арта түседі.

Айгүл АКТУЛИЕВА,
Маңғыстау облысы қамалетке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

МЕРЕЙТОЙ

Биыл Қарағанды облыстық сотының құрылғанына 90 жыл болса, сот жүйесінің ардагері Нина Васильевна Батукова да өзінің 90 жасқа толған мерейтойын өріптестерімен қарсы алғалы отыр.



ЗАҢҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ

Нина Васильевна еңбек жолын 1959 жылы Теміртау қаласындағы «Казметаллургстрой» тресінде заңгер болып бастаған. Кейін қала прокуратурасында тағылымдамадан өтушіден прокурор көмекшісіне дейінгі қызмет жолынан өтті. 1972 жылдан бастап жиырма жылдан астам уақыт Теміртау қалалық және Гагарин аудандық халық соттарында халық судьясы болып қызмет атқарып, әділ сот төрелігін жүзеге асырды.

Жоғары кәсібилігі, қағидатшылығы, әділдігі және заңға адалдығы Нина Васильевнаға әріптестері мен

азаматтардың зор құрметіне ие болуына себеп болды. Оның көп жылдық еңбегі Қарағанды облысының сот жүйесінің дамуына қосылған маңызды үлес екені анық.

Қарағанды облыстық сотының отставкадағы судьясы, сот жүйесінің ардагері Светлана Миновичаның әріптесіне деген құрметі ерек. «Нина Васильевна Батукова – жауапкершілігі жоғары, абырой, беделі зор тұлға. Оның өмір жолы мен кәсіби қызметі – заңға адалдықтың және халыққа қызмет етудің жарқын үлгісі. Ол сот билігінің беделін қалыптастырып, нығайтқан судьялар буынының өкілі», – дейді ықыласпен.

Қарағанды облыстық сотының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында сот қауымдастығы Нина Батукованы мерейлі 90 жасымен шын жүректен құттықтайды және сот жүйесінің дамуына қосқан қомақты үлесі, көп жылғы адал еңбегі мен жоғары кәсібилігі үшін алғыс білдіреді.

Сізге зор денсаулық, отбасылық амандық, жан жылуы, сергектік, туған-туыстарыңыздың қамқорлығы мен ұзақ ғұмыр тілейміз.

Құрметпен,
Қарағанды облыстық
сотының ұжымы

МЕРЕЙ

КӘСІБИ МЕРЕКЕНІҢ БЕЛГІЛЕНУІ – ҚҰРМЕТТІҢ БЕЛГІСІ

Қазақстандағы кәсіби мерекелер тізімінің жаңа мерекемен толыққанына да төрт жылдың жүзі болды. Мемлекеттік биліктің бір тармағы саналатын сот саласының еленбей, осы құрылымда еңбек етіп жүрген судьялар мен сот қызметкерлерінің еңбегінің ескерілмей келе жатқаны талай жиындарда айтылып, талай басылымдарда жазылып келген еді. Ақыры көпшілік пікірі назарға алынып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 24 маусым «Судья және сот қызметкері күні» ретінде ресми түрде бекітілді.

Кәсіби мереке күнінің 24 маусыммен тұспа-тұс келуінің өзіндік мәні бар. Тарих беттеріндегі тағылымды жолдар көрсеткендей, 1992 жылы 24 маусымда Қазақстан Жоғарғы Кеңесінде «Қазақ КСР-інің Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» тарихи заң қабылданып, елімізде сот жүйесінің іргетасы қаланған болатын. Яғни маңызды заң қабылданған күннің кәсіби мерекеге айналуы заңды, негізді, орынды. Міне, 2022 жылдан бері отандық соттың судьялары мен қызметкерлері кәсіби мерекені кең көлемде атап өтіп келеді.

Кәсіби мереке – белгілі бір кәсіптің қоғамдағы маңызын дәріптеудің, еліміздің қызмет етіп келе жатқан мамандарға деген құрметті қалыптастырудың, осы мамандыққа қатысты қоғамда қызығушылықты арттырудың, сонымен бірге, сала мамандарының еңбегін атап өтіп, арнайы марапаттаудың мүмкіндігі. Осындай арнайы күннің күнтізбеден орын алуы әріптестердің өз қызметіне деген мақтанышын нығайтатын анық.

Кәсіби мерекенің нақтылануы еліміздің ежелгі құқық институттарын зерделеуге, қазақ даласындағы бірегей заңдар туралы тыңғылықты ізденістер жасауға негіз қалады. Сонымен бірге бұл күн қазақтың билер даналығын жандандыруға, бітімгершілік тетіктерін нығайтуға көмектесті.

Судья және сот қызметкерлері күні күнтізбедегі ешқандай мерекенің бірі емес. Бұл – осы салада тер төгіп, жылдар бойы адал қызмет еткен, сот саласын қалыптастыруға, судьялар жұмысын жандандыруға еселі үлесін қосқан ардагерлердің мұрасын жаңғыртуға, ізденістерін жарыққа шығаруға, жұмыстарын көпшілікке таныстыруға берілген тамаша мүмкіндік. Міне, кәсіби мереке белгіленген



Эльдар РЫСКҰЛОВ,
Жанакорған аудандық сотының
судьясы

төрт жылдан бері судьялар мен сот қызметкерлері мамандықты меңгеруіне көмектескен, өздеріне жол көрсеткен, өмірлік ұстазы болған ардагерлер туралы әдемі естеліктер жазып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың үзілмейтінін өз үлгісімен көрсетіп келеді. Ардагерлердің еңбегін бағалау, тәлімгерлік мектептің тағылымын таныту өте маңызды. Бұл – шын мәнінде сот саласына деген қоғамның құрметін нығайтатын бірегей тетік.

Судья болу – әділдік пен адалдықты талап ететін жауапты миссия. Әрбір қабылданған шешім адам тағдырына, қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттілік қағидаттарына тікелей әсер етеді. Сондықтан судья қызметі терең білімді, жоғары мәдениетті, сабырлықты, әділдікті және ар тазалығын талап етеді. Біздің әріптестеріміз осы талап үдесінен шығуға білімі мен білігін, күш-қайраты мен ерік-жігерін жұмсап келеді. Өз кәсібін сүйетін, өз мамандығын шексіз бағалайтын судьялар мен сот қызметкерлері көбіген сайын саланың да мәртебесі мен беделі биіктей түсері талас тудырмайды. Ал оған ынтылдандырудың бір құралы – кәсіби мереке. Сондықтан судьялар мен сот қызметкерлерінің арнайы мерекесінің бекітілуі мамандықтың маңызын еселеуге бағытталған мақсатты қадам десек шындықтан алыстамаймыз.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

САРАП

БАҒДАР

ЭЛЕКТРОНДЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ АЙҚЫН

Қазіргі цифрландыру дәуірінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен сот өндірісін электронды форматта жүргізу құқық қорғау жүйесін жаңғыртудың маңызды бағытының біріне айналды. Қылмыстық істерді электронды форматта жүргізу қылмыстық процестің тиімділігін арттыруға, ашықтық пен жеделдікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғаудың қосымша кепілдіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.



Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ,
Павлодар облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

кін болмаған қағаз жүзінде жасалған қылмыстық істің басқа материалдары бойынша, е-ҚІ модуліне кірістіріле отырып PDF-құжаты қалыптасады. Бұдан бөлек, Нұсқаулықтың 6-тармағы талабына сәйкес, қылмыстық қудалау органдары PDF-құжатына аударылған құжаттар мен материалдардың түпнұсқаларының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Аталған құжаттар мен материалдарды қылмыстық қудалау органы тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін электрондық қылмыстық іспен бірге прокуратураға немесе сотқа жолдауы тиіс. Қағаздағы құжаттардың түпнұсқаларының сақталу мерзімі қылмыстық істің сақталу мерзіміне сәйкес болуы қажет.

Қазақстан Республикасының соттарында қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу бойынша Әдістемелік ұсынымдардың 10-тармағына сәйкес, егер қоса берілген материалдар сәйкес келмеген кезде (ілеспе хатта көрсетілген ақпараттар, парақ саны, тізімі сәйкес келмесе) және заттай дәлелдемелер, іс бойынша құжаттардың түпнұсқалары түспеген жағдайда, 24 сағат ішінде сот кеңсесінің қызметкері электрондық қылмыстық істі себепін көрсете отырып тіркеуден бас тартады.

Осыдан шығатыны, PDF құжатқа көшірілген қағаз нұсқадағы түпнұсқа құжаттар электрондық қылмыстық іспен бірге міндетті түрде сотқа келіп тұсуы және қылмыстық істі сақтау мерзімдеріне сәйкес сақталуы қажет. Бұл ретте төрағалық етуші судья электрондық қылмыстық істегі PDF құжаттарды қарап отырып, қажет болған жағдайда олардың түпнұсқалығын қағаздағы түпнұсқалармен салыстырып тексере алады.

Қорыта айтқанда, қылмыстық істерді электронды форматта жүргізу – құқық қорғау және сот жүйесін жетілдірудің заманауи әрі тиімді құралы. Ол қылмыстық процестің жеделдігін, ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жана деңгейін қалыптастырады. Цифрлық технологияларды құқық саласына енгізу – уақыт талабы және құқық үстемдігін нығайтудың маңызды тетігі.

жүргізудің артықшылықтары айқын: процестің уақыт пен қаржылық ресурстарды үнемдеумен қатар, ол онлайн режимде қылмыстық процесті жүргізетін тұлғалардың әрекеттері мен шешімдерін бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл жүйе түрлі жасырын бұзушылықтардың, теріс пайдаланудың және дәлелдемелерді бұрмалаудың алдын алатын тежеуші фактор болып табылады. Бүкіл қылмыстық процесс бақылаушы органдар, лауазымды тұлғалар және процеске қатысушылар үшін ашық әрі айқын болады.

Бүгінгі күні электрондық форматтағы қылмыстық сот ісін жүргізу негізінен тұрақтандырылды, елеулі проблемалар шешімін тапты. Атап айтқанда процестің құжаттар жөніндегі Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы №2 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу туралы» нұсқаулықтың 14-тармағына сәйкес жүргізілген тергеу әрекеттерінің (қарап-тексеру хаттамасы, эксгумациялау хаттамасы және басқа) қағаз түрінде құрылған немесе электрондық форматта енгізуге мүм-

«Электрондық қылмыстық іс» жобасы 2018 жылдан бастап іске қосылды. Жаңашылдықтың мәні қылмыстық істер мен материалдардың соттарға қағаз нұсқасымен қатар электрондық түрде де түсу мүмкіндігінде болды. Бұл қылмыстық сот ісін жүргізуге цифрлық технологияларды енгізудің нақты қадамы болып, оның ашықтығын арттыруға, қылмыстық процесс мерзімдерін қысқартуға, сондай-ақ қағаз құжат айналымына кететін шығындарды оңтайландыруға ықпал етті.

Электрондық қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылардың барлық қажетті ережелері бекітілді. Заң шығарушы «Қылмыстық сот ісін жүргізу форматы» ұғымын енгізді. Бұл норма қылмыстық процесті жүргізуші тұлғаға қатысушылардың пікірін және техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, дәлелді қаулы шығару арқылы қылмыстық сот ісін жүргізуді электрондық форматта жүзеге асыруға жол ашты.

«Е-Қылмыстық істі» енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Алғашында ол қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар бойынша қолданылды. Бүгінде барлық санаттағы құқық бұзушылықтар бойынша қолданылады және электрондық істер саны тұрақты өсуде.

2025 жылы Павлодар облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына 84 іс түскен, оның 76-сы электрондық форматта аяқталды, бұл 90 %-ды құрады.

Электрондық қылмыстық сот ісін

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ӘДЕП ЖӘНЕ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

Мемлекеттік қызметкер – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Сондықтан оның әрбір іс-әрекеті, сөзі мен қарым-қатынасы қоғам үшін үлгі болуы тиіс. Мемлекеттік қызметкердің әдептілігі – оның қызметтік міндеттерін адал әрі әділ орындауының негізі. Әдеп нормалары қызметкердің азаматтармен, әріптестерімен және басшылықпен қарым-қатынасында көрініс табады. Әдепті қызметкер әрдайым сыпайы, сабырлы, төзімді болып, кез келген жағдайда кәсіби шеңберден шықпауы тиіс.

Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекеттің ерекше сеніміне ие жауапты сала. Сондықтан бұл қызметті атқаратын тұлғаларға қойылатын талаптар да аса жоғары. Мемлекеттік қызметшінің моральдық-әдептілік келбеті, азаматтармен қарым-қатынас әдебі, жұмыс барысында өзін ұстай білу мәдениеті – мемлекеттің беделі мен басқару жүйесінің сапасын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет саласына қойылатын талаптар күн сайын артып келеді. Себебі мемлекеттік қызметші – мемлекет пен халық арасындағы негізгі байланысты қамтамасыз ететін тұлға. Халық мемлекеттік органның деңгейін ең алдымен сол жерде қызмет атқаратын қызметкердің мәдениеті мен қарым-қатынасына қарап бағалайды. Сондықтан мемлекеттік қызметшінің әдептілігі мен кәсіби мәдениеті қоғам үшін ерекше маңызға ие.

Мемлекеттік қызметкер өз қызметін атқару барысында адамдармен тікелей жұмыс істегендіктен, оның сөйлеу мәдениеті, киім киісі, жүріс-тұрысы, қарым-қатынас әдебі,



Берікқайыр Каженов,
ҚР Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл

жалпы тұлғалық бейнесі азаматтардың сеніміне, көңіл-күйіне және мемлекеттік органның имиджіне тікелей әсер етеді. Сондықтан этикет талаптарын сақтау – әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби парызы.

Әдеп – тұлғаның айнасы, қоғамның көрсеткіші. Әдептілік – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі ғана емес, өркениетті қоғамның басты шарттарының бірі. Әрбір адам өз іс-әрекетінде әдеп қабилетін қолдануы қажет. Әдептілік – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі ғана емес, өркениетті қоғамның басты шарттарының бірі. Әрбір адам өз іс-әрекетінде әдеп қабилетін қолдануы қажет. Әдептілік – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі ғана емес, өркениетті қоғамның басты шарттарының бірі. Әрбір адам өз іс-әрекетінде әдеп қабилетін қолдануы қажет.

БАСТАМА

ШАРА

Сот жүйесін жаңғырту және азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау мақсатында елімізде заманауи цифрлық технологиялар кеңінен енгізілуде. Солардың бірі – аумақтан тыс соттылық институты. Бұл тетік азаматтарға талап қою кезінде жауапкердің орналасқан жеріндегі сотқа ғана емес, өздеріне қолайлы сот арқылы да жүгінуіне мүмкіндік береді.

АУМАҚТАН ТЫС СОТТЫЛЫҚ – СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК КЕПІЛІ

Аумақтан тыс соттылық – азаматтық сот ісін жүргізуді жеңілдетуге бағытталған құқықтық механизм. Оның басты мақсаты – азаматтардың сотқа жүгіну мүмкіндігін кеңейту, уақыт пен қаржылық шығындарды азайту және сот төрелігіне қолжетімділікті арттыру.

Бұрын талап қоюшы талап арызды заңда белгіленген соттылық қағидаларына сәйкес жауапкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бойынша сотқа жолдайтын. Мұндай жағдайда азаматтарға басқа өңірлерге баруға, құжаттарды пошта арқылы жіберуге немесе қосымша шығындар шығаруға тура келетін. Ал қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуының арқасында талап қоюшылар электрондық форматта талап арыздарын жолдап, аумақтан тыс соттылық мүмкіндігін пайдалана алады.

Аумақтан тыс соттылық Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бастамасымен іске асырылған цифрлық жобалардың бірі болып табылады. Бұл

жүйе азаматтардың өтініштерін автоматты түрде бөлу арқылы судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға және адам факторын азайтуға ықпал етеді. Істер арнайы ақпараттық жүйе арқылы автоматтандырылған тәртіпте бөлінеді.

Аталған механизмнің негізгі артықшылықтарының бірі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету. Себебі талап қоюшы немесе басқа тұлғалар нақты бір сотты немесе судьяны таңдауға ықпал ете алмайды. Іс ақпараттық жүйе арқылы кездейсоқ тәртіпте бөлінеді. Бұл өз кезегінде сот төрелігінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аумақтан тыс соттылық көбіне жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың қатысуымен туындайтын азаматтық даулар бойынша қолданылады. Мысалы, қарыз өндіру, шарттық міндеттемелерді орындау, залалды өндіру және басқа да азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар осы тәртіппен қаралуы мүмкін. Сонымен қатар, талап қоюшы-

лар үшін сотқа жүгіну рәсімі айтарлықтай жеңілдетілген. «Сот кабинеті» сервисі арқылы талап арызды электрондық түрде жолдап, оның қозғалысын бақылауға, сот актілерін алуға және процессуалдық құжаттармен танысуға болады. Бұл қағаз құжат айналымын азайтып, сот өндірісінің жеделдігін қамтамасыз етеді.

Аумақтан тыс соттылық институты – сот жүйесін цифрландыру бағытындағы маңызды қадамдардың бірі. Бұл жаңашылдық азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, соттардың жұмысын оңтайландыруға және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттыруға қызмет етеді. Сондықтан әрбір азамат өзінің құқықтарын қорғау барысында заманауи электрондық сервистер мен аумақтан тыс соттылық мүмкіндіктерін тиімді пайдаланғаны жөн.

Нүргүл ЖУНУСОВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

БАЙРАҒЫ БИІК ЕЛДІҢ РУХЫ АСҚАҚ

Семей қаласында 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Тұғырлы рәміз – тұрақты қоғам» атты салтанатты шара өтті. Оған мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың басшылары, ардагерлер, өскерилер, жастар, білім, мәдениет, спорт саласының қызметкерлері, қала тұрғындары қатысты. Мемлекеттік Ту көтеріліп, Әнұран шырқалған жиында жергілікті өнерпаздар патриоттық өндерден концерттік бағдарлама ұсынды.



«Баршаңызды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекеттік рәміздер – елдіктің нышаны, ерліктің айғағы. Халқымыздың сан ғасырлық арпалысқа толы тарихы мен уақыттың қатал сынағынан өткен бай мәдениеті осы ұлттық бірегей белгілерде ерекше көрініс тапқан. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлт рәміздері – Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Әнұран – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еселеі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады», – деп айрықша атап өткен болатын. Шын мәнінде, мемлекеттік рәміздер – елдік пен егемендіктің, бірлік пен берекенің, намыс пен рухтың көрінісі. Биыл Абай облысында Мемлекеттік рәміздер күні ерекше маңызға ие. Өздеріңізге белгілі, бытыр 25 қазан – Респуб-

лика күнінде тұрғындарымыздың игілігіне пайдалануға берілген осы алаңды Республика алаңы деп атадық. Биылғы жыл басы, Наурызнаманың алғашқы күні – 14 наурызда осы жерге алып Туымызды орнаттық. Ел астанасынан шаһарымызға келген әрбір мейманды қарсы алатын көк туымыз мәңгі желбірей берсін!» – деді онда Абай облысының әкімі Берік Уәли.

Қазір Семейдегі Бейбітшілік аралында Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында Солтүстік Қазақстан облысының қартуы ретінде Рәміздер алаңының іргетасы қаланып, құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұл нысан тамыз айында атап өтілетін Абайдың туған күні қарсаңында ашылады деп жоспарланып отыр.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

6. «New Player Agency» ЖШС, БСН 240540007965, (Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әуезов көшесі, 2-ғимарат) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сүйінбай көшесі, 152Д үй. Тел. 8 705 100 00 20.

8. «Фатихов» ЖШС (БСН 181040026665) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Қ. Аманжолов көшесі, 51-үй, 1-пәтер.

10. «NxN Group» ЖШС (БСН 210940006748) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы аудан, Гоголь көшесі, 41-үй, 49-пәтер.

11. «Yesan Company» ЖШС (БСН 220440011817) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылдық округі, Қаратөбе ауылы, Исаев көшесі, 5-үй.

13. «ALAN BUILDING SYSTEMS» (Алан Билдинг Системс) ЖШС, БСН 120440001998, (060004, Атырау облысы, Атырау қаласы, Құттығай Батыр көшесі, 21-үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 060005, Атырау қаласы, Азаттық көшесі, 75В. Анықтама тел. +7 701 577 43 55.

14. «MEKEN CHICKEN» ЖШС, БСН 140540024374, (060700, ҚР, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылдық округі, Махамбет ауылы, Жұмабай Қартқожақов көшесі, 18-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 060005, Атырау қаласы, Азаттық көшесі, 75В. Анықтама тел. +7 701 577 43 55.

15. «ABS Modular Limited» (АБС Модулар Лимитед) ЖШС (БСН 131140023843) (060004, Атырау облысы, Атырау қаласы, Құттығай Батыр көшесі, 21-құрылыс), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 060005, Атырау қаласы, Азаттық көшесі, 75В. Анықтама тел. +7 701 577 43 55.

16. «AMB Групп» ЖШС (БСН 260440034853) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 100000, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы аудан, Бұқар жырау даңғылы, 55-құрылыс. Тел. +7 707 329 64 10.

17. «SANIM-AY» ЖШС (БСН 191240009763)) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Шашубай шағынауданы, 8 Б үй, 33-пәтер, тел. +7 700 988 7010.

20. «T-Travel Kazakhstan» ЖШС (БСН 241040038464) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 16-ғимарат, 2-тұрғын емес үй. Тел. 8 701 647 6631.

21. «RB-Med» ЖШС (БСН 220140025182) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 2-үй, 346-кеңсе, тел. +7 700 777 7257.

23. «Молшылық-2020» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС (БСН 201240000942) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Болашақ көшесі, 18-үй, индекс 160525.

24. «Ақбөбек-1» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС (БСН 210440012823) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Ә. Молдағұлова көшесі, 18-үй, индекс 160525.

ӘРТҮРЛІ

7. «Мунайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) (БСН 981240001604) Қазақстан Республикасы Заңының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестігі туралы» 27-бабының 4-тармағына сәйкес. Серіктестік жарғылық капиталы 600 000 000 (алты жүз миллион) теңге сомаға азайғаны туралы 2026 ж. 26 мамырда Серіктестіктің жалғыз қатысушысы шешім қабылдағаны туралы Серіктестік өзінің барлық кредиторларын хабардар етеді. Барлық шағымдар Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 8А шағынауданы, 6-ғимарат, индекс 130000, мекенжайы бойынша жазбаша нысанда бір ай мерзімде қабылданады.

2. Неліктен кемсітушілік АИТВ вирусының өзінен де қауіпті?

АИТВ (адамның иммун тапшылығы вирусы) – адам денсаулығына елеулі қауіп төндіретін жұқпалы ауру. Дегенмен көптеген мамандар мен қоғам белсенділері АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты кемсітушіліктің вирустың өзінен де қауіпті екенін атап көрсетеді. Себебі кемсітушілік адамның денсаулығына ғана емес, оның психологиялық жағдайына, әлеуметтік өміріне және қоғамдағы орнына кері әсер етеді. Кемсітушілік адамдардың қорқыныш пен ұят сезімін күшейтеді. АИТВ жұқтырғанын білген кейбір адамдар қоғамның теріс көзқарасынан қорқып, медициналық көмекке жүгінуден немесе тексеруден өтуден бас тартады. Бұл аурудың уақытында анықталмауына және емнің кеш басталуына себеп болуы мүмкін. АИТВ-мен өмір сүретін адамдар жұмыс орнында, оқу орындарында немесе қоғамдық ортада әділетсіз қарым-қатынасқа тап болуы ықтимал. Мұндай жағдай олардың өздерін қоғамнан оқшаулануына, күйзеліске түсуіне және өмір сапасының төмендеуіне әкеледі.

Кемсітушілік АИТВ туралы жалған түсініктердің таралуына ықпал етеді. Көптеген адамдар вирустың қалай жұғатынын нақты білмегендіктен, АИТВ-мен өмір сүретін жандардан негізсіз қорқады. Ал дұрыс ақпараттың болмауы стигма мен алаушылықты күшейтеді.

Қазіргі медицина АИТВ-ны толық емдей алмағанымен, арнайы дәрі-дәрмектердің көмегімен вирус деңгейін бақылауға және адамның ұзақ әрі сапалы өмір сүруіне мүмкіндік береді. Ал кемсітушілікті жою үшін бүкіл қоғамның санасын өзгерту, адамдар арасында түсіністік пен құрметті қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, кемсітушілік АИТВ вирусының өзінен де қауіпті, өйткені ол адамдарды медициналық көмек алу-дан шектейді, психологиялық зиян келтіреді және қоғамдағы теңсіздікті күшейтеді. Сондықтан әрбір адам АИТВ туралы дұрыс ақпарат алып, аурумен өмір сүретін жандарға құрметпен және түсіністікпен қарауы тиіс.

Ляззат АБДУКАРИМОВА,
Алматы облыстық ЖИСТ-ның алдын алу және оған қарсы күрес орталығы алдын алу жұмыстары бөлімінің меңгерушісі

18. «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 15.06.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

1-лот: Toyota Corolla маркалы автокөлік, 2013 ж.ш., қозғалтқыш көлемі – 1,6 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 4 420 000 теңге;

Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «НАУАТ CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

9. «Tauran INSURANCE» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ (БСН 940840000211) атауының өзгеруі туралы хабарлама 2026 жылғы 25 мамырда Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі негізінде «AXIS Insurance» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы «Tauran Insurance» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы болып қайта аталды (қысқартылған атауы – «Tauran Insurance» СК) АҚ).

19. Көкшетау қаласы, Ақан Сері көшесі, 92 мекенжайы бойынша 2014 ж.ш., Lada 21705-055-31 автокөлігіне аукцион жарияланады, кепілдік жарна талап етілмейді, бастапқы сома 1 771 000 теңге, аукцион өткеннен кейін 5 жұмыс күн ішінде төленеді. Аукцион 2026 жылғы 17 маусымда Астана уақыты бойынша сағат 15.00-де өтеді. Көкшетау қаласы, Ақан Сері көшесі, 92. Сенімді өкіл Евгений Андреевич Серков, Мәлік Ғабдуллин көшесі, 46, +7 777 896 15 55.

МҰРАГЕРЛІК


5. 14.04.2026 ж. Алшынбаев Бекежан Жандосұлының қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Алматы облысы, Алатау қаласы, Жетіген шағынауданы, Ш.Уәлиханов көшесі, 117А мекенжайы бойынша нотариус А.К.Құрымбаеваға хабарлассын. Тел. 8 775 851 12 12, 8 747 319 50 09.

12. 17.03.2026 ж. қайтыс болған Баетұлы Жамалханнның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А.Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

22. 2026 жылдың 26 сәуірінде қайтыс болған азамат Сигбат Айдар Тілекшіұлының артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлекбаболовнаға мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел. 8 701 222 7274.

3. Зоонозды тері лейшманиозы ауруының алдын алу

Зоонозды тері лейшманиозы – бұл трансмиссивтік, паразитарлық, табиғи ошақтық аурулар. Ауру қоздырғышы – лейшмания (Leishmania major) тектес қарапайымдар паразиттер. Инфекцияның көзі жабайы кеміргіштер, негізінен үлкен құмтышқандар табиғи резервуар болып табылады. Таратушысы құмтышқандардың үстінде, індерінде мекендейтін үндемес масалар болып табылады. Тасымалдаушы үндемес масалар – қансорғыш жәндіктер Phlebotomus paratasi. Олар кеміргіштерді шаққан соң 6-8 күнде адамдарға жұқтыруға дайын болады. Адам инфекция көзі бола алмайды. Ауру денеден дөңестен басталып, соңынан жараға айналады, 3-6 айға дейін созылуы мүмкін. Жараның беті тыртықтанып тартылып, адамның бетінде немесе дененің басқа да жерлерінде косметикалық кемістік пайда болады. Ересектер мен балалар зоонозды тері лейшманиозының қоздырғышына бірдей сезімтал. Таралу мезгілі: шілде – қыркүйек, жұқпа жұқтырған адамдар – тамыз-қыркүйек. Инкубациялық кезеңі 2-4 апта, адамнан адамға жұқпайды. Аурудың ұзақтығы – 6 ай. Аурудан кейін адамда иммунитет дамиды (4 айдан соң тұрақты иммунитет пайда болады). Диспансерлік бақылау – лейшманиоздың тері нысанымен ауырып сауыққан адамдарға бір жыл бойы. Түркістан облысының Шардара, Арыс және Отырар аудандарында зоонозды тері лейшманиозының табиғи ошақтары орналасып, адамдарға осы індетті жұқтыру қаупін тудырады. Осы індетпен ауырып дененің ашық жерлеріндегі теріде жаралар пайда болады, олардың саны бірнеше ондықтарға дейін болуы мүмкін. Индетті мамыр-қыркүйек аралығында жұқтыруыңыз мүмкін, әсіресе шілде-қыркүйек айларында жұқтыру қаупі жоғары, науқастар қыркүйек-қараша айларында тіркеледі. Тері зақымдануы (жара) анықталған жағдайда облыстық дерматолог-венерологиялық диспансердің дерматолог дәрігеріне жүгіну қажет. Қосқанатты үндемес масалардың шабуылынан қорғану шараларын қолданып, тері лейшманиоз індетін жұқтырудың алдын алуға болады. Бұл шаралар жәндіктерден қорғайтын репеллент пен масаханаларды қолданудан тұрады. Ұйықтарда жәндіктерден сақтану үшін масахана құрған жөн.



Индетті таратушы жәндіктің көбейтуі үшін үйде, аулада тазалықты сақтау қажет, қоқысты нықтап жабылатын жошықке салу керек. Алдын алу мақсатында жыл сайын 3 км радиуста тері лейшманиозының табиғи ошағындағы елді мекендердің айналасындағы кеміргіштерді дератизациялау және трактормен жырту арқылы олардың кеміргіштердің індерін жою жүргізіледі. Табиғи ошақтарда профилактикалық іс-шаралар, үй-жайларда дезинсекция жүргізіледі.

Ә.О.ШОҚАЕВ,
ҚР ДСМ СЭБК
«УС» ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының Отырар аудандық дезинфекциялық секторының Эпидемиолог көмекшісі

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Өр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

Атырау облысының судьялар корпусы, Судьялар одағының Атырау облыстық филиалы, ҚР Сот әкімшілігінің Атырау облысы бойынша департаменті басылығыз сот жүйесінің ардагері

ДӘУРЕШОВ Шахмардан Дәурешұлының

дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен ағайын-туыстарына тұскан орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтады. Иман жолдас, жаны жәннатта болсын!

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp +7 708 027 4270

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87744348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (7172) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-701268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, РВК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераша көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Ертеңіне түсте Әлікүл Оспанов атындағы ұлттық кітапхана қорына барып, қазақ-қырғыз қарым-қатынасына қатысты ескі газеттерді алдырып, көріп отырды. Қанша уақыт өткенін білмейді, әлдебір уақытта ауадағы тозаңға түршігіп, қатты бір түшкірініп, селкілдеп барып орнына келгеннен кейін, қысылып, газетті қойып залға шығып кетті де, терезеден сыртқа қарап көз жіберіп тұр еді... Шығар баспалдақтың бұрышында жұртқа дауысын барынша естіртпей жанашырымен сөйлесіп тұрған бір жігітке назары ауды. Пәкістандықтармен өндес, бірақ бет сүйегі моңғолойд, ұзынтұра, қагілез кара жігіттің төгілтіп жатқан сөздерінен өз бауыры екенін аңғарды.

– Стамболға барар жолдың бәрі ашық. «Қашан, қалай жетсем екен?» деп жатырсың ба?

Одан кейін тұтқаның арғы жағындағы адамды тыңдайды ол.

– Жаңалық таусылып қалды, – деп салды бірде.

– Іс жаңаланбай, түс жаңаланбайды екен. Керемет, жаңа түстер көруім үшін өзім бұрын жасап көрмеген әрекеттерге ұрынып жүрмін.

Арғы жақтағы адам біразға дейін сөйледі. Бұл күле тыңдап, сыңғырлап жауап беріп жатыр.

– Бұрқ еткізіп жарып кет! – деп қояды, кім нені жарғалы жатыр, ол да түсініксіз.

– Бір грамм мотивация берші, – деген сөзінен кейін-ақ жігіттің қалжың-бас әрі тапқыр екені белгілі болды да, ділмарлығы подполковникті қызықтыра бастады. Ол сөйлесуін тамамдап болғанша тағы 10 минут тапжылмай күтіп тұрды. Бірақ сөздеріне көп мән бермей, терезе алдындағы даңғылдан өткен кара бауыр көліктердің ағынына көз суарумен болды.

Қас-қабағын көтеріп, шекесі дірілдеп барып жазылып, не дерін білмей, әңгімесін ұрлана тыңдағанына қуыстанып, жігіттен әуелі өзі баруға тиісті бірнеше мекенжайды сұрады. Оның «қазақ екенін бірден байқап, жақын тартып жөн сұрап жатқанын» жеткізді. Жігіт жымынып қарап, «ешқандай ыңғайсыздық жоқ екенін» білдіріп, көмектесуге дайын жан екенін түсіндіргенімен, ол да қаланы айтарлықтай білмейтін болып шықты. Келгеніне 17-ақ күн болыпты. Содан бері 2GIS-тың көмегімен жүр. Өзі жарқын жүзді, ақжарма жігіттің кекілі тікелейіп, таутеке мүйізіндей шаншыла өсіп тұр.

– Аға, – деді. – Мұнда отбасыңызбен қидырып жүрсіз бе? Әлде бір өзіңіз бе?

– Э-э, қазақ бауырым, жасырып қайтем, үкімет жұмысының адамымын. Анау іргедегі Тараздағы қалалық ПД Тергеу басқармасында басшылықтамын. Пенсияға әлі шыға қойғам жоқ. Қырғыз жеріне өтіп кететін, дерегі табылмаған, қылмыскерге де жатпайтын, туыстары табуымызға қуаза салған кейбір азаматтар жайлы ақпарат алуға жұмыс бабымен келіп едім. Бір-екі аптада қайтамын деп отырмын. Мұнда көп жүре алмаймын. Ол жақта шаруа шаш-етектен.

Жігіт естіп тұрып, тағы жарқыраған маңдайын көтергенде, таутекенікіндей тікелейіп кекілдерінің астындағы мап-майда сүйегіне көзі түскен басшы сәл ойланyp тұрды да, «хім, хім» деп қойды.

– Из-э, а, – деп біраз ойланды жігіт. Сонан соң жігіт өзінің мырзалық жасап жүргенін жасырмады.

– Ағасы, қыз біткеннің иманы мен ұлттық рухын қатар ұстағаны осы қырғызда екен. Байқаймысыз? «Манас» жырын өрекіп, орындығынан неше қозғалып айтқан буынды, әдемі қыздың иманына кәміл болып, мұсылмандық шарттарын да адал орындап жүргенін көріп, мұнда дінге бола ұлтын қаралап, салт-дәстүрін мәңсұқ етушіліктің барынша аз болуына осы «Манас»

жырының халық арасында айтылуы кең насихатталуы себеп екен деп тұжырымдадым. Сіз қалай ойлайсыз?

– Мен де сондай ойдамын, – деп қойды подполковник ешқандай ойсыз түрде.

Ойында басқа тақырып тұр еді. Ойындағы басқа тақырыптан Манас, қырғыз қызы тақырыбына ауысуына тағы осы жігіт түрткі болды. Жігіт беріліп, екі шекесі бұдырайып, мұздай түйіліп, әңгіменің қойын-қопысына кіріп жатыр.

– Аға, қазақтың бір ағасы ретінде кешіресіз. Мен әдейі иманы мен

етінің сорпасы» деген жазуына қатар түсті. Сорпалы орынға Абылай ағасының сүйреуімен інісі бірге кірді де, енді шегінерге жол жоқ, сорпаланып орталай бастаған қарындарының кебезесін тіпті қампайтты.

– Осында бір жігіттің жеке басын анықтауға келіп едім, – деді бағланның жамбасын мүжіп жатып. – Өттеген-айы, сонымен өңі үп-ұқсас басқа адам болып та көрінеді.

«Қыз іздеген жігіт» ойланып қалды. Қысқа үнсіздіктен соң подполковник сөзін қайта жалғап:

– Нағыз қырғыз құсап көрінеді,

ағарған ағаштай-ақ. Шашын үнемі тақырлатып алдырып жүреді. Подполковник шенімен Жаңатаста қалалық ПД Тергеу басқармасында басшылықта болған. Бірақ қазір еш дерексіз жоғалған. Орнын сипап қалғанымызға жеті айдың жүзі болды.

Жоғары білімді, жайындай жігітіміз Ішкі істер министрлігінің Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясын тамамдаған. Бірге оқыған достарына бір гүлдің екі жағына жабысқан көбелектей тербеле қарап, әрдайым хабарласып тұратын. Соңғы жеті айда достарына ешбір аман-саулық хат-ха-



АТЫ БАСҚА, ІЗІ СОЛ

рухын қатар ұстайтын ұрпақ көру үшін Бішкекке қыз қарауға келдім. Кішіпейіл, қонақжай қырғыз жұртының менің талғамыма сай бір қызы мені бағалап, бауыр басып қалар. Киген киімдерімді көріп тұрсыз, ең жаңа заманауи бренд үлгілері. Өнім сұлу, терім ақ, бойым ұзын, шашым кара, сөз десе сөзім бар. Ақшам да қазірше жеткілікті. Күн сәулесі түсіп жалтырап қарап отырмын.

Жігіт сәл кідіріп көзін жыпылықтастып алды да:

– Кенесары оқиғасына байланысты бұрын қырғыз жұртына онды көзқараста емес едім.

– Из? – деп бұрыла қарады.

– Қазір дос көрем. Осы ұрпақ тәрбиесі шешімін қабылдағаннан кейін.

«Өзіңнің қалаңда қазақтың рухы мен иманын қатар ұстаған қыз шықпай тұр ма?» деп жөнсал, ұлтшыл пікір білдіргісі келіп еді, тамырынан ажыраған буынға талай жылдан бері куә болып келе жатқан жігіт ағасы бұл сөзінің артынан келетін жаңа сұрақтарға жөпелдемеде нанымды жауап бере алмай қалудан қашқалақтады да, мағынасыз түрде бас шұлғи берді.

Осыдан кейін 2-3 көше жерде тұрған балық пен теңіз өнімдеріне бағытталған заманауи «Mogean» асханасына кіріп, екеуі де алғаш рет Ыстықкөлдiң сыла балығының былжыраған етінен дәм татты. Екеуі балыққа тойып, жігіт шотты бірден төлеп тастап еді. Бірер сағат жауа әңгімелескен соң, Әбдірахманов көпесімен бойлап, Smart Hotel Bishkek қонақ үйінің мен-мұндағанды көрінісі алдан шықты. Осы бірер сағаттың әңгіме ынталы, әдемі сөздерге толы болғанымен, подполковник тағат қылып өзінің шаруасы туралы ашылып айта қоймап еді. Жігітті өзіне қолғабыс ете алады деп сенген Абылай мырза адымдап, айналадан отырып сөйлесетін тыныш жер қарады. Осы қонақ үйге орналасқан «Khan Tengri Restaurant»-ке қарап қалған қос қонақтың көзі ресторанның «Қазақ қой

біресе ештеңені түсінбейтін зомби құсап көрінеді.

Жас жігіт «қалай сонда?» дегендей бадырау қарады. «Зомби» сөзі оған әжептеуір әсер етті. Өңінде қапа болу, шошыну мен жанашырлық қатар қараластырды.

– Кәдімгі тхэквондист. Атағы шыққан азамат. Жерлесіміз. Облысымыздың Сарысуынан шыққан.

Үзіп-үзіп айтқан подполковник жұлыны бозарған омыртқаны мүжуге кіресі.

Боз жігіт айтылған адамға таңырқап, ағаның аузына қарап біраз отырды да, алдындағысын жеп болып қойған еді, түзесінің үстіндегі тозандарды білезік бізынымен түртіп, еңкейіп біраз отырды.

– Інім, – деді сіңір шайнап отырып.

– Ал, ал, ала отыр. Мен баяу жейді екем. Бағанағы балықтан асап-асап жіберген екенмін.

Жігіт «жо, жо, жоқ. Өзіңіз ала беріңіз» деп алақанын қалқан етті де, жігіт ағасының тағы біраз жеп, тамағын тауысуға айналып сөйлесуге ыңғайланғанын байқағаннан кейін:

– Ағасы, – деді.

Ағасының табақтан маңдайын ғана көтеріп, сүзе қарап «ау» дегенін естіген соң:

– Меніңше, – деді сері жігіт.

– Шешіліп айтуға мына жер жайлы ма, жайсыз ба, білмеймін. Осы жерге жақын тұста Шыңғыс Айтматов паркі бар. Сол жерде отырып егжей-тегжейлі айттып берсеңіз қайтеді. Менің де жүйрік ақылым бар. Бір пайдам тиіп қалар.

Подполковник көзін бір айналдырып ойланyp алды да, шәй кесесін итеріп сырғытып қалып:

– Онда орнымыздан бірден тұрайықшы! – деді.

Іс жөніндегі дерек

«Жасы 35-те. Бұлшық еттері бунақталып толысқан. Ақсары тәнді,

бар келмеген. Өзінің салмағы 83 кг...»

Подполковник Абылай Әзімханұлы сасайын деді. Қолы дірілдей берген қағаздағы түсініксіз іске. Өзінен 5 жас кіші екен, жарайды. Өзі сияқты бірге оқыған достарымен хабарласып тұру оның да ұмытпас әдеті болған шығар?! Подполковниктен кім байланысын үзгісі келеді, «бір көмегі болады» деген дөме үйелеп жатпай ма шара бастардың шарында. Ақсары тәнді, шашы тазығыр дейді, ол жағы ұқсамайды өзіне. Европеид сымбатқа ие болса да, фотосындағы жалпақ бет сүйегінен моңғолоидтығы шығып тұрады. Өзінен 10 сантиметрге ұзын, 185 сантиметр шығатын...

– Қандай шынар бой? – деді.

Салмағы ұқсас болғанына жүрегі дір ете қалды. Бір жағы, іске қатысты адамның бір сипатының өзіне ұқсас болуы бір күдік желін соқтырып өтсе, енді бір жағы белгісіз ақсарының бәлесі өзіне жұқпасын деген ішкі тілегі қатар ояна қалды. Енді бірде оның соншама ұзын бола тұра 83 кг шығуы өзін іштей ұялтты. Өзін семіз сезініп, төстігін дәл басып тұрған галстугын қозғап, оңға-солға, томпынып шығып тұрған екі бүйіріне кезек қарады. Абылайдың бойындағы суық терін шығаратын, осы істегі біртүрлі дерек – өзі секілді әлгі ақсарының да өз қаласындағы қалалық ПД Тергеу басқармасында басшылықта болғанында. Дәл қазір өзі Таразда осындай басшылықта отыр. Оқыған әскери оқу орны ұқсамайды екен. Дегенмен университеттің ұқсамауының тұқ пайдасы жоқ. Анау деректер, ана сөздер абайлап келіп шошытатын сияқты. Қабырғанды қайыстырмасына кім келіп жалғасын оқысаң?!

Есімі кім?

Есімін көрмекші болды. Алақанының астынан қағазды суырып тартып еді, Абылай екен. Жүрегі аяқ астынан атқатқап, тәжірибелілігінің арқасында лезде тынышталғандай.

– Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған ба? Осындай сұрақ болды ойына. Тхэквондодан республикалық чемпионатта топ жарып, 67 килограммдық кезінде чемпион болған.

– О, сонда қалай? Қалай білмей жүргенбіз? Өзі болса грек-рим күресі түрінен спорт шеберіне үміткер. Подполковник шенінің буы бар, қалалық ПД Тергеу басқармасында басшылықта отырған мұның өгізден үстем күші бар. Қызығушылығы мен әртүрлі дайындықтан өтуінің арқасы дейік, елде ғана емес, шет елдерде де спортшы таныстары жетерлік. Көз алдындағы, өз өңірінен өскен тхэквондонның тарланы туралы ақпаратты абайлап оқып отырып, «осы жігітпен неге ерте таныс болмағам» деген өкініші арқасын осып өтті. «Қанжығама қатулы жарыстардың қазыналы орденін мен де қанжығама байлаған едім. ПМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің 6 мәрте жеңімпазы болдым. Оңай олжа емес. Дегенмен әлі де машықтануым, салмағымды сабасына түсіруім керек. Қарнымда бірнеше бүйрек сияқты бірдеңе пайда болыпты. Төмпештесең, сайқымазақ еткендей болып дым ауырмайды. Жауқазындай кезіңнен бастап жетілген соң, кейін салған қарның төпелесең де ауыра қоймайтын болып бұжырланып қалатын сияқты. Төселген көн табаным, желкілдеген желке шашым, тұзға піскен терім-ай!...

– Отбасымдағы 2 ұл, 1 қызыма амандық тілеймін! – деп бетін сипады. Мұнысын бейнекамерадан басқа көріп тұрған адам жоқ. Бейнекамераның арғы жағындағылар да шұқшынып бәрін қарап отырмай, шіркейдей шаншылып, телефонын шұқылап отырған болуы керек. Әйтсе де, мазасыз көрінген әлпетінің бейнекамераға түсіп қалғаны үшін қынжылып, қабақ шытты.

– Құдай не деген кен еді. Қынжылып, қиналған бейнелерімізді еш жерде сақтамайтын?!

Жаңбырдың ар жағындағы үн

Анасына телефон шалды. Дың, дың... Қоңырау дыбысы үш рет қайталанған.

– Анашым, амансыздар ма?

– Ау, амансың ба, балам. Тараз қалай? Кеше ауа райы мәліметінде сендерде бүгін жаңбыр жауады деп еді.

– Жоқ, жо-оқ, анашым, жаңбыр түгілі дым да жоқ (Орнынан тұрып, белдігін қысқан күйі терезеден сыртқа айнала көз қыдыртып). Әй, иә, көрмеппін ғой, енді қарадым. Бір-біріннің үстіне мінгескен 2-3 кара бұлт түйдектеліп, бері ұшып келе жатыр... Сарыкөмердегі әріптестерімнің үстіне келіп төніп тұрған болар. Жауса енді бір жарты сағаттан кейін келіп жауып қалар... Батыстан шығысқа аунап келеді ғой... – Адам бір ойланғанша, бұлт желмен бір айналады... Бұлт дегеннің қалай бытырап кетерін, қалай түйнектеліп, байланып, шешілмей жиналып қалатынын білмейсің ғой. Бір тәуірлі аз жаңбыр... Таразға қашан нөсер жауып еді?

– Жауады ғой келіп, бұл да жер бетінің бір бөлігі болған соң. Аспан бәрін ортақ дегендей... – Балам, оны айтып тұрғам жоқ... – Сол ғой енді... – Жо-о, балам... – Өкешім екеуіңіз Астанада жатып, менің төбемнен өткен бұлттарды ойша санайсыздар-ау деймін? (Екеуі қосыла күлді)

– Жә, анашым, мен тұтқаны қойдым. Жұмысыма кірісейін. Жарты жылдан бері бір шешімін таппаған істі қарауға берген. – Жаксы, балам. Уақытыңда ұйықтауды ұмытып кетпе.

Көкбөрі МҮБАРАК

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 81 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31